

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы сәулет, құрылыс және энергетика институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

Ахметов С.Б.

Шымкент қаласын газбен жабдықтау

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті


Т.Қ.Бәсенов атындағы сәулет, құрылыс және энергетика институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

техн. ғыл. канд., ассоц. проф.

 К.К. Алимова

«20» 05 2019ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Шымкент қаласын газбен жабдықтау»


Мамандығы 5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»

Орындаған

С.Б. Ахметов

Жетекші

техн. ғыл. канд., ассоц. проф.

 К.К. Алимова

«20» 05 2019ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы сәулет, құрылыс және энергетика институты


Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

техн. ғыл. канд., ассоц. проф.

 К.К. Алимова

« 11 » 02 2019ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Ахметов Сүндет Базарбайұлы

Тақырыбы: «Шымкент қаласын газбен жабдықтау»

Университет Ректорының 2018 жылғы «30» қазан №1210-б бұйрығымен
бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі 2019 жылғы «30» сәуір

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Газбен қамтамасыз ету объектісі
Шымкент қаласы. Газбен жабдықтау жүйесінің қазіргі жағдайы, жобалау
аймағының геологиялық және гидрогеологиялық мағлұматтары.

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Негізгі бөлім;

б) Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы;

в) Экономика бөлімі.

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

1) Шымкент қаласының бас жобасы;

2) Төменгі қысымды газ құбырларының есептік схемасы;

3) Жоғары қысымды газ құбырларының есептік схемасы;

4) Газ құбырларының аксонометриясы;

5) КВ-ГМ 3,5-115 қазанының газ жабдықтары;

б) Төмен және жоғары сақиналы тораптың газбен жабдықтау жүйелерін
салыстыру;



7) Құрылыс бас жобасы;

Ұсынылатын негізгі әдебиет 15 атаудан

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Негізгі бөлімі	12.02.2019-29.03.2019	орындалған
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	01.04.2019-16.04.2019	орындалған
Экономика бөлімі	14.04.2019-30.04.2019	орындалған

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары


Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі(ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған мерзім	Қолы
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	И.З. Кашкинбаев техн. ғыл.д-ры, профессор	20.05.19	
Экономика бөлімі	К.К. Алимова техн.ғыл.канд., ассоц. профессор	20.05.19	
Норма бақылау	А.Н. Хойшиев техн.ғыл.канд., лектор	20.05.19.	

Жетекші



К.К. Алимова

Тапсырманы орындауға алған білім алушы



С.Б. Ахметов

Күні

«20» маусым 2019ж.

АНДАТПА

Шымкент қаласын табиғи газбен жабдықтау» жобасында аймақ үшін социалды – техникалық мәселелерді шешеді. Қала ауданын газбен жабдықтау жүйелері таңдалды, сонымен қатар тұтынушылар пайдаланатын газдың жылдық сағаттық шығындары толық анықталды. Төменгі, орташа, жоғары газ желілеріне гидравликалық есептеулер толық орындалды. Газ реттеу орны технологиялық құбырларға гидравликалық есептеулер және қажетті құрал - жабдықтар таңдалды. Сонымен, техника қауіпсіздігі еңбекті қорғау жағдайын және жақсартудың инженерлік есептері келтірілген.

АННОТАЦИЯ

В данном дипломном проекте системы газоснабжения проектируемого в городе Шымкент. В проекте города Шымкент «снабжено природным газом», для региона Северо - Запада социально – решает технические вопросы. Были выбраны газоснабжения района города Шымкент, а также потребителей, использующих часовые расходы теплоты газа определены. Произведен гидравлический расчет газовых сетей среднего, высокого и низкого давления. Описаны мероприятия по охране труда и технике безопасности при выполнении строительно-монтажных работ.

ABSTRACT

In this thesis project the projected gas supply system in the city of Shymkent . The project of Shimkent city "is equipped natural gas" for the region of North - Western socio - solve technical issues. We chose the system of gas supply area of the city, as well as consumers using gas hourly costs are determined. Determine the annual, hourly cost of the gas consumers, the choice is made the gas supply system. Produced by hydraulic calculation of the heating system and gas networks of medium, high and lowpressure.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	9
1 Негізгі бөлім	10
1.1 Жобаның техникалық көрсеткіштері және тұрғындар саны	10
1.2 Жылдық газ тұтыну	10
1.3 Сағаттық газ шығыны	11
1.4 Газ құбыры тораптарының схемасы және ГРП санын анықтау	11
1.5 Газ құбырларының гидравликалық есебі	12
1.5.1 Төменгі қысымды сақиналы тораптың гидравликалық есебі	14
1.5.2 Жоғары (орташа) қысымды аралас сақиналы тораптың гидравликалық есебі	15
1.5.3 Тармақтардың гидравликалық есебі	15
1.5.4 ГТС алынған орташа қысымды газ желілерінің басты учаскесінің есебі	18
1.6 ГРП жабдықтарын таңдау және есептеу	20
1.7 Жер асты газ желілерін пайдалану қауіпсіздігі	21
2 Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	23
2.1 Дайындық жұмыстары	23
2.2 Жер жұмыстары	24
2.3 Монтаждық жұмыстар	25
3 Экономика бөлімі	25
3.1 Күрделі салым есебі	26
3.2 Жобалық шешімдердегі нұсқалардың экономикалық нәтижесі	27
ҚОРЫТЫНДЫ	28
ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ	29
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДБИЕТТЕР ТІЗІМІ	30
ҚОСЫМША	

КІРІСПЕ

«Шымкент қаласын табиғи газбен жабдықтау» жобасында аймақ үшін социалды – техникалық мәселелер шешіледі. Экологиялық таза табиғи газды пайдалану барысында өндірісті және жылу-энерго көздерін, коммуналды-тұрмыстық секторларды газбен жабдықтайды.

Қалалық газ шаруашылығы сонымен қатар күрделі организациялық–техникалық жүйені де ұсынады.

Ғылыми және техникалық мәселелер диапазонында газ шаруашылығы металлургиядан басталып газ құбырлары үшін құбыр металдары, теориялық және тәжірибелік экономикалық тиімді конструкция және тиімді өңдеу кезіндегі жылу масса алмасу таңдалынады. Тұрғын секторларды газбен жабдықтау жобасын орындауда басқа да жанар-жағар майларды тиімді пайдалану сенімді және қауіпсіз болуы қажет.

Берілген дипломдық жобада Шымкент қаласын табиғи газбен жабдықтаудың төменгі және орташа қысымды тораптан тұратын 2 сатылы жүйесі қабылданған.

Қаланың жылдық газ тұтынуы, соның ішінде тұрғын және қоғамдық ғимараттарды желдетумен, жылытумен және ыстық сумен жабдықтау жүйелеріне пайдаланылатын газ шамалары есептелінген. Жоғары және төмен қысымды сақиналы торапты газбен жабдықтау жүйесінің екі нұсқасы технико-экономикалық салыстырылған.

Жобада КВ-ГМ 3,5-115 қазанның қазандыққа орнатылуындағы газ құбырларының гидравликалық есебі келтірілген. КВ-ГМ 3,5-115 қазанды автоматтандырудың функционалды схемасы орындалған.

Жобада өндіріс жұмыстары кезіндегі жоғары қысымды құбырларын төсеу мен жинақтау жұмыстары жасалынған. Жер асты газ құбырларын пайдалану мен төсеу кезіндегі қауіпсіздік жұмыстарына талдау келтірілген. Техника қауіпсіздігі, еңбекті қорғау жағдайын жақсартудың инженерлік есептері келтірілген.

1 Негізгі бөлім

1.1 Жобаның техникалық көрсеткіштері және тұрғындар саны

Газбен жабдықтау - халық шаруашылығы мен халық қажеті үшін газ отынын ұйымдастырып тұтынушыларға жіберу және тарату. Газдың қолданылу салалары:

- коммуналдық шаруашылықта тамақ дайындау үшін;
- коммуналдық-тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарының технологиялық қажеттіліктері үшін;
- шаруашылық-тұрмыстық және санитарлық-гигиеналық мақсаттар үшін жұмсалатын суды қыздыру үшін;
- тұрғын және қоғамдық ғимараттарды жылыту, желдету және ауаны кондиционерлеу үшін.

Шымкент қаласын газбен жабдықтау үшін ҚР ҚНЖЕ анықтамаларына сүйене отырып төмендегі мәліметтер қабылданады.

Климаты континенталды, қолайлы.

Сыртқы ауаның температурасы қыста минус 15⁰С, орташа жылу минус 6⁰С, жылу кезеңінің ұзақтығы 147 күнге созылады.

Топырақтың құрамы құммен, саздың ірі бөліктерінен тұрады.

Сыртқы ауаның есептік параметрлері нормативтік құжат [1] бойынша қабылданады.

Қаланың газ тұтыну қабілеттілігі 36722 кДж/м³ болса, оның тығыздығы 0,73 кг/м³ шамасына тең. Қала ішіндегі газды беру ГБТ жүйесінен шығу қысымы 0,45 МПа жүргізіледі. Жоғары қысымды газ құбырлары бірсақиналы тұйықталған тармақтары бар тұтынушыларға бағытталып жобаланады. Төменгі қысымды газ құбырлары негізгі, сақиналы және тұйықталған (бөлімдерден) квартал ішіндегі 6-х ГБТ арқылы жобаланған. Ауданды ДЕ 25-14 ГМ маркалы қазандықпен газдандырады және осы қазандықтандықтарды автоматтандырады.

Қала тұрғындарының саны А.1-кестеде есептелген.

1.2 Жылдық газ тұтыну

Газбен жабдықтау жобасын құру қаланың жылдық газ тұтынуының негізі болып саналады. Тұрғын үлерге, тұрғындарды тұрмыстық қамтамасыз ету мекемелеріне, қоғамдық тамақтандыру орындарына, кондитерлік өнімдер мен нан өндіретін кәсіпорындарға, сонымен қатар денсаулық сақтау орындары үшін газдың жылдық шығынын жылу мөлшерінің шығынымен анықтайды. Жылдық газ тұтыну есебі [2] бойынша жүргізіледі.

Газды тұтыну пәтерлердегі дайындалатын тағам мен ыстық суға шақталып есептелінеді.

Қаланың жылдық газ тұтыну есебі А.2-кестеде берілген.

1.3 Сағаттық газ шығыны

Газбен жабдықтау жергілікті газ тораптарын жобалау үшін барлық газ тұтынушыларды газ пайдалану қысымына байланысты топтастырып, газдың максималды есептік сағаттық шығындарын анықтайды. Шағын қалалар үшін төменгі және жоғары қысымды газ тұтынушылар деп бөлінеді.

Шағын қысымды газды тұтынушыларға тұрғын үйлер, денсаулық сақтау орындары, шағын тұрмыстық қызмет көрсету мекемелері, шағын жылыту қондырғылары жатады.

Тұрғындар санына байланысты газбен қамтылатын төменгі қысымды торап тұтынушылары үшін газ шығынының сағаттық максимум коэффициентінің мәні [4] бойынша қабылданады.

Орташа қысымды газды тұтынушыларға мыналар жатады:

- қоғамдық тамақтану мекемелері;
- ірі коммуналды мекемелер (кір жуатын орындар, монша);
- кондитерлік өнімдер мен нан өндіретін кәсіпорындар;
- өндірістік кәсіпорындар;
- аймақтық қазандықтар.

Сағаттық газ шығындарының есебі А.3-кестеде көрсетілген.

1.4 Газ құбыры тораптарының схемасы және ГРП санын анықтау

Газреттегіш пункттер жеке тұрған жер асты бөлмелерінде орналасады. Бұл жөндеу жұмыстарын өткізу мен қамту жағдайын қамтамасыз етеді. ГРП санын төменгі қысымды тораптың 1 ГРП-ның жылыту жүктемелер қосындысының қатынасынан анықтайды.

ГРП санын анықтау есебі 1-кестеде көрсетілген.

1 Кесте – ГРП санын анықтау

1 ГРП –ның тиімді әсер радиусы (м)	400-800
1 ГРП –ның тиімділік жүктемесі ГРП (нм ³ /сағ)	1000-3000
ГРП саны (шт)	6

Таңдалған төмен қысымды торап негізгі сақиналы және тұйықталған (таратылған) газ құбырларынан тұрады. Төменгі қысымды торапты тарту қаланың бас жобасында есеп бойынша анықталған газ реттеу пункттерінен

басталады. Қала аймағы 6 газдалған ауданға бөлінеді, мұндағы 1 ГРП әсер ету аймағы басқа әсер ету аймағына кедергі келтірмейді.

1.5 Газ құбырларының гидравликалық есебі

Гидравликалық есеп газбен жабдықтау жүйелерін таңдағаннан кейін орындалады. Есептің негізгі мақсаты тұтынушыларды қажетті есептік газ шығындарымен қамтамасыз ету, газ құбырларының диаметрін сәйкесінше таңдау болып табылады.

1.5.1 Төменгі қысымды сақиналы тораптың гидравликалық есебі

Төмен қысымды желілердің гидравликалық есебінің міндеті тұтынушының ГРП-дан неғұрлым алыстатылған есептік шығысын тиісті қысымнан қамтамасыз ету болып табылады (тұрғын үйлер үшін $p_0=1300$ Па).

Газдың қамтамасыз ететін бір метр контурға максималды сағаттық шығыны газдың салыстырмалы жол-жөнекей шығыны деп аталады.

Жол-жөнекей газдың салыстырмалы шығыны мен максималды сағаттық есебінің қорытындысы А.4-кестеде көрсетілген.

Сақинадағы қателік 10 пайыздан аспауы керек.

Төменгі қысымды сақиналы тораптың гидравликалық есебі А.6-кестеде берілген.

Тұйықталған бөлім үшін құбырлардың диаметрі салыстырмалы қысым жоғалу мен газдың есептік шығынына байланысты таңдалады. Диаметрлерді тағдау қысым жоғалуының салыстырмалы мәнін анықтайтын номограмма бойынша жүзеге асырылады.

1.5.2 Жоғары (орташа) қысымды аралас сақиналы тораптың гидравликалық есебі

Апатты жағдайдағы сақиналы тораптың жоғары (орташа) гидравликалық есебі

Жоғары (орташа) қысымды тораптар басқарымды болып табылады, оларға шектеулі ірі тұтынушылар саны қосылады. Сақинадағы құбырлардың диаметрін таңдау үшін апатты жағдайдағы орташа қысымды сақиналы тораптың гидравликалық есебі қарастырылады.

Жылыту қазандықтары үшін $K_{06}=0,7-0,75$, кір жуатын орындар, моншалар және нан зауыттары үшін $K_{06}=0,6$, қоғамдық тамақтану мекемелері үшін $K_{06}=0,8$, өндірістік кәсіпорындар үшін $K_{06}=0,7-0,9$. Төменгі қысымды

торапқа қостырылған комбинаттағы тұрмыстық тұтынушылар үшін $K_{об}=0,8-0,85$.

Газ қозғалысының барысы бойынша кейінгі учаскелердегі газ шығындары алдыңғы учаскедегі газ шығыны мен кейінгі нүктелердегі газ шығыны арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Алынған ақырғы қысым P_k мен минималды ақырғы қысым $P_{k \min}$ салыстырылады. Егерде $P_{k \min}$ 10 пайызға дейінгі айырмашылықта болса, онда сақиналы тораптың диаметрі өзгермейді.

Апатты жағдайдағы сақиналы тораптың жоғары (орташа) гидравликалық есебі А.8-кестеде берілген.

Қалыпты режимдегі жоғары қысымды сақиналы тораптың гидравликалық есебі

Тұтынушылардың белгілі есептік сағаттық шығындары бойынша сақиналы тораптағы газ ағымдарының кездесу нүктесі таңдалады. Бұл жағдайда газ торабының оң және сол тармағындағы тұтынушылардың қосынды газ шығыны шамамен тең болуына ұмтылу қажет.

Сақиналы торап гидравликалық үйлестірілген болып есептеледі, егер қарама-қарсы бағыттағы қысым жоғалуы шамамен тең болса және қателік 10 пайыздан аспаса, қателік теңдеу бойынша анықталады.

Егер $\Delta \leq 10\%$, онда орташа қысымды сақиналы торап гидравликалық үйлестірілген.

Егер $\Delta > 10\%$, онда сақиналы торапты гидравликалық үйлестіру жүргізіледі.

Учаскелердегі есептелген газ шығындарын Q_p' ескере отырып қысым квадратының салыстырмалы жоғалуы анықталады. Сосын сақинадағы қателік есептелінеді. Егер $\Delta \leq 10\%$ болса, сақиналы торап гидравликалық үйлестірілген болады.

Сақинаның түйіндік нүктелеріндегі газ қысымы есебі

ГТС P_n қоректеу нүктесіндегі газ қысымын ескере отырып сақиналы тораптың түйіндік нүктелеріндегі газ қысымы (P_k) есептелінеді.

Алдымен ГТС-ның оң немесе сол жағында орналасқан түйіндік нүктедегі қысым есептелінеді.

Келесі түйіндік нүктелердегі қысым да учаскедегі қысым квадратының жоғалуын ескеріп есептелінеді, бірақ алғашқы қысым ретінде алдыңғы түйіндердегі ақырғы қысым қабылданады.

Қалыпты жағдайдағы жоғары қысымды сақиналы тораптың гидравликалық есебі А.9-кестеде берілген.

1.5.3 Тармақтардың гидравликалық есебі

Тармақтардың негізгі мақсаты түйіндік нүкте мен ақырғы тұтынушылар арасындағы қысым өзгеруі максималды пайдаланылып және тармақ соңында

кажетті қысым қамтамасыз ету жағдайында құбыр диаметрін таңдау болып табылады.

Тұйық тармақ құбырларының диаметрі қысым квадратының салыстырмалы жоғалу мәні мен газдың есептік шығыны бойынша қабылданады. Номограмма бойынша таңдалған диаметрлерді ескере отырып, қысым квадратының салыстырмалы жоғалу мәні айқындалады. Одан соң жергілікті тармақтар үшін қысым квадратының жоғалуы есептеледі.

Алынған тармақтағы газдың ақырғы қысымы қабылданған ақырғы қысыммен салыстырылады. Егер олар бір-бірінен пайызға ерекшеленсе, сақиналы торап диаметрі өзгермейді.

ГТС шыққан газ қысымы 0,45 МПа (тапсырма бойынша), 1 нүктеде 0,4 МПа қабылданған. ГТС 1 нүктеге дейінгі участоктағы газ желілерінің ұзындығы 410 метр.

Жоғары қысымды құбырлардың есебі үшін номограмма бойынша салыстырмалы қысым өзгерісі мен газдың есептік шығынының айырмашылығын бақдарлаймыз, учаскелердің диаметрін қабылдап және нақты салыстырмалы қысым өзгерісін анықтаймыз. 325x8 мм диаметр қабылданады.

1.6 ГРП жабдықтарын таңдау және есептеу

Қысымды реттегіш, сүзгі, сақталатын қақпақша клапан, сақталатын-тасталатын клапан, өлшегіш-бақылау түтікшелері, ағытылатын құрылым барлығы да ГРП-тың негізгі жабдықтарына қатысты.

Гидравликалық есептеу және ГРО жобаларын таңдау әдістерін таңдау негізінде газ ағынының мүмкін жылдамдығы бойынша берілген қысым шамасы түсуінің қолданылуы бойынша негізгі технологиялық тексерілетін есеп жатады. Қарастырылған құлама әдетте 5 –тен 10 кПа –ға дейін қабылданады. Жабдықтар 2-кестеде таңдалған.

2 Кесте – ГРП жабдықтарын таңдау

№п/п	Р _к , кПа	Q _p , м ³ /сағ	Құрал түрі	K _v
ГРП-1	239,95	3172	РД – 80- 64	66
ГРП-2	213,46	3172	РДУК-2-100/70	100
ГРП-3	239,9	3174	РД – 80- 64	66
ГРП-4	192,18	3147	РДУК-2-100/70	100
ГРП-5	207,68	3147	РДУК-2-100/70	100
ГРП-6	174,35	3172	РДУК-2-100/70	100

Энергетикалық машина жасау зауыты қатты, сұйық және газ тәрізді отынмен жұмыс істейтін КВ-ГМ (КВГМ) сериялы қазандықтарды дайындайды. КВ-ГМ қазандары жылу беру, желдету, өнеркәсіптік және тұрмыстық мақсаттағы ыстық сумен жабдықтау жүйелерінде жылу жеткізуші ретінде пайдаланылады.

- Пайдалы әсер коэффициенті (пәк): 80 (%);
- Жану камерасының түрі: басқалары;
- Жылыту қазандығының энергия тасымалдағышының түрі: қатты отын;
- Ыстық су температурасы: 150 (°C);
- Габариттік өлшемдері: 5510x2625x2470 (мм);
- Отын түрі: Газ, мазут, отын, көмір;
- Салмағы: 6500 (кг);
- Өндіруші ел: Ресей;
- Бренд: ЧЭМЗ.

1.7 Жер асты газ желілерін пайдалану қауіпсіздігі

Қалалық газ шаруашылығындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін, мамандандырылған қызметкерлер болуы керек және өз уақытында газ желілеріне техникалық және профилактикалық шаралар жүргізу керек.

Пайдалану қызметінің басты шарты :

- а) газ тұтынушыларды үздіксіз қамтамасыз ету;
- б) газды тораптарда берілген газ қысымын сақтап тұру;
- в) газ желілері мен құрылыстарының жағдайын реттеу;
- г) газ тораптарының, қондырғылардың және газдық аспаптардың жағдайын бақылау;
- д) өз уақытында графикпен және жоспармен сәйкес техникалық қызмет көрсету, ағынды және күрделі жөндеу жүргізу.

Әрбір қабылданған газ желілерін пайдалану үшін, газ желісінің жағдайын көрсететін құжаты болады. Барлық газ желілері, оларды пайдалануға берілетін мерзімге тәуелсіз, арнайы нұсқауға сәйкес техникалық қызмет көрсетілуі керек. Газ желілеріне қызмет көрсетуде, оның құрамын және оның тұтынушыға газды үздіксіз беріп отыруын қамтамасыз ететін жабдықтардың жағдайын және газбен жабдықтау жүйесін пайдалану кезіндегі қауіпсіз жұмыстарды құруын бақылау керек.

Бұл жұмыстарды бұрын құрастырылған жоспар мен график бойынша слесарлар бригадасы жүргізеді. Газ желілеріне қызмет көрсетуді қолайлы жасау үшін, маршрутқа бөледі және оларға газ желісінің екі жағынан 15 м радиуста, аралас коммуникациялары, барлық жер асты орындары көрсетілген, маршруты карта құрастырылады.

Газ желісі трассасын және қондырғыларды айналып өту кезінде, келесі жұмыстар орындалады:

- құдықтардың және жер төлелердің, жер асты ғимараттарының газданбағандығы жүйелі түрде тексеріледі және ішкі белгілері бойынша газдың шығуы анықталады;

- газ желісінің жанында жүргізілген жол және құрылыс жұмыстары бақыланады, «Вариотек», «Универсал» типті аспаптармен газ желісінің герметикалығы бақыланады, осыдан кейін келесі жұмыстар орындалады:

а) газ желісінің астындағы топырақтың, газдың құдықтардың газданғандығы тексеріледі, құбырлар бақыланады;

б) 15 м қашықтықта аралас коммуникациялардың газданғандығы тексеріледі және газдану аймағы анықталады.

ГРП жабдықтарына бөгде адамдарға кіруіне қатаң тиым салынады. ГРП-ға қызмет көрсететін адамдар жоқ болған жағдайда, оны құлыптап қою керек. Көрінетін жерде шылым шегуге және ашық отты пайдалануға тиым салынатын жазу белгілері болуы керек. ГРП (ГРУ)-да аспаптарды және үйкелетін заттарды сақтауға болмайды. Әрбір ГРП-да пайдалану мен техника қауіпсіздігі бойынша нұсқау схемасы ілініп тұруы керек.

2 Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы

2.1 Дайындық жұмыстары

Жобалауға арналған берінділер:

- а) магистраль ұзындығы – 3725 м;
- б) құрылыс аймағында құм – саз;
- в) трассаны төсеу жағдайы –
- г) құбырлардың диаметрі – $325 \cdot 8 = 3725$ м;
- д) бастапқы құрылыс
- е) құрылыстың мөлшерлі уақыты 3 ай;
- ж) төсеу әдісі – жер асты ;
- з) сейсмикалық төзімділігі 9 балл;
- и) топырақты су деңгейі айқындалмаған.

2.2 Жер жұмыстары

Жер жұмыстары көлемінің есебі теңдеу бойынша анықталады

$$\frac{B + b}{V} \quad (2.1)$$

мұндағы B – ордың үсті бойынша ені, м;

b – ордың түбі бойынша ені, м;

h – ордың тереңдігі, м;

l – ордың ұзындығы, м.

Газ құбырларының түбі бойынша ордың ені

$$b = D_n + 0,3 = 0,325 + 0,3 = 0,62 \text{ м.} \quad (2.2)$$

Шөміш ені мен кері күректі экскаватордың түбінің енін ескеріп $b_n = 0,8$ деп қабылдаймыз.

$$\begin{aligned} b &= b_n + 0,15 \text{ м,} \\ b &= 0,5 + 0,15 = 0,95 \text{ м.} \end{aligned} \quad (2.3)$$

Ордың минималды тереңдігі теңдеу бойынша анықталады

$$\begin{aligned} h_{op} &= D_n + 0,8, \\ h_{op} &= 0,325 + 0,8 = 1,125 \text{ м.} \end{aligned} \quad (2.4)$$

Ордың үсті бойынша ені теңдеу бойынша анықталады

$$B = b = b = 2 \cdot h_{op} \cdot m, \text{ м} \quad (2.5)$$

$$B = 0,625 + 2 \cdot 1,125 \cdot 0,25 = 1,188.$$

Құламалардың рұқсат етілген тіктігі тереңдігі - 1,25 м, $m = 0,25$ м.

$$V_3 = \frac{3798,8 - (328,16 + 13,23)}{h_4} = 2469,57 \text{ м}^3.$$

Изоляциялы құбырдың көлемі теңдеу бойынша анықталады

$$W_{тр} = \frac{n(D_n + \delta_{из})^2}{4} \cdot l, \text{ м}^3, \quad (2.6)$$

$$W_{op} = \frac{3,14 (0,325 + 0,01)^2}{4} \cdot 3725 = 328,16 \text{ м}^3.$$

Темірбетонды құдықтардың көлемі теңдеу бойынша анықталады

$$W_x = \frac{\pi D^2}{4} \cdot h, \text{ м}^3, \quad (2.7)$$

$$W_k = \frac{3,14 \cdot 1,15^2}{4} \cdot 1,5 = 2,68 \text{ м}^3,$$

$$W_k = 265 \cdot 5 = 13,25 \text{ м}^3.$$

Кері төгуге арналған топырақ көлемі теңдеу бойынша анықталады

$$\frac{V_p - (W_{op} - V_2)}{V_3 = p_p}, \quad (2.8)$$

$$V_3 = \frac{3798,8 - (328,16 + 13,23)}{h_4} = 2469,57 \text{ м}^3.$$

Пісірілген жапсар үшін қабылдау көлемі

$$V_{пр} = 2 (0,36 \cdot 1 \cdot 1,2) + (1,53 \cdot 1 \cdot 07) \cdot 112 = 120 \text{ м}^3.$$

Механикаландырылған өңдеудегі топырақ көлемі

$$V_{мех} = V_{op}(V_p + V_{пр}), \text{ м}^3, \quad (2.9)$$

$$V_{мех} = 3798,8 \cdot (113,96 + 120) = 356,84 \text{ м}^3.$$

Тасымалданған топырақтың көлемі

$$V_{ап.тас} = V_{тр} + V_3 \cdot \text{м}^3, \quad (2.10)$$

$$V_{ап.тас} = 3798,8 - 2469,57 = 1329,23 \text{ м}^3.$$

2.3 Монтаждық жұмыстар

Негізгі құрылыс машиналарын таңдау

Қалалық шарттарға көп таралған бір шөмішті эксковатор таңдалған.

Эксковатордың бұл түрі маневрлығымен және жол жабындарын зиянсызламайтындығымен ерекшеленеді

Бұл үшін эксковатордың екі түрі салыстырылған:

а) экскаватор эо = 309;

б) экскаватор эо – 6525.

Эксковатордың пайдалану өнімділігінің сметасы

$$V_3 = \frac{3798,8 - (328,16 + 13,23)}{h_4} = 2469,57 \text{ м}^3. \quad (2.11)$$

мұндағы t_0, t_{op} – 100 м^3 топырақтың өңделу уақытының мөлшері;

$F_{\text{ауысым}}$ – ауысым ұзақтығы, сағ.

Экскаватор жұмысының ұзақтығының көлемі тендеу бойынша анықталады

$$T_{\text{ауыс}} = \frac{V_{\text{max}}}{\Pi_{\text{ауыс}}} + 1_{\text{ауысым}}, \quad (2.12)$$

$$T_{\text{ауыс}} = \frac{3564,84}{443,35} + 1 = 9,05_{\text{ауыс}},$$

Технико-экономикалық салыстыру негізінде тиімді нұсқаны таңдаймыз

мұндағы C_m – бөлек машинанаң минимум сметасының өзіндік құны, тенге;

C_c – жұмыс бірлігінің өзіндік құны, т/г;

T_{cm} – жеке машинаның смета көлемінің жұмыс ұзақтығы;

Z_p – қол жұмыстарын орындаушы жұмысшылардың еңбек ақысы, тенге.

1,5 және 1,08 - еңбек ақыға алынған шығындар коэффициенті, сыйақы және басқа да шығындар.

мұндағы E – уақыт бірлігінің шығыны, тенге;

T – жылдық амортизациялық шығын;

$T_{жсм}$ – жылдық смена санының мөлшері;

Сэк – ағымды пайдаланылатын шығын.

$$B = 0,625 + 2 \cdot 1,125 \cdot 0,25 = 1,188.$$

Құрылыс жинақтау жұмыстары көлемінің, машиналар мен көліктің қажеттілік тізімі Б.1 және Б.2-кестелерінде келтірілген.

Еңбек шығындары мен еңбекақы калькуляциясы, электр энергиясын тұтынушылар Б.3 және Б.4-кестелерінде берілген.

3 Экономика бөлімі

3.1 Күрделі салым есебі

Экономикалық есеп жүргізудің мақсаты қарастырылып отырған дипломдық жобадағы материалдарға жұмсалатын қаражат көлемін анықтап, келтірілген шығын есебін жүргізу, объектінің сметалық құнын шығару болып табылады. Газбен жабдықтау жүйесінің жалпы локальды сметасы В.1-кестесінде. Өтімділік мерзімін анықтау үшін дисконтирлену коэффициенті теңдеу бойынша анықталады

$$K_{д}^t = \left(\frac{1}{1+n} \right)^f, \quad (3.1)$$

мұндағы f – жыл;

n – инфляция коэффициенті; $n = 0,1$.

Жыл сайынғы мөлшерлі өтімділік мерзімі

$$Д_{т} = \frac{81261981}{4,5} = 18387016 \text{ тенге.}$$

Күрделі салым есебінің нәтижесі 2-кестеде берілген.

2 Кесте – Күрделі салым есебі

1 жыл	0,909	16713797 тенге
2 жыл	0,826	15181679 тенге
3 жыл	0,751	13808649 тенге
4 жыл	0,683	11418336 тенге
5 жыл	0,621	11418336 тенге

$$\sum_{1}^5 Д_{т} = 69686792 \text{ тенге.}$$

$$Т_{доп} = \frac{81261931 - 69686792}{18387016} = 1,3 \text{ жыл.}$$

Өтімділік мерзімі 6 жыл 3 айға тең болады.

Амортизациялық шығындар есебі

$$C_{ж} = K^{38} \cdot Па^{38} + K^{ГС} \cdot Па^{ГС} \text{ тг/жыл,} \quad (3.2)$$

мұндағы K^{38} – ғимараттардың күрделі шығыны, смета құнының 20 пайызы;

$K^{ГЖ}$ – газ желілерінің күрделі шығыны, смета құнынан 80 пайыз;

$Па^{ГС}$ – ғимарат үшін амортизация мөлшері, 45 пайыз;

$Па^{38}$ – ғимарат үшін амортизация мөлшері, 5 пайыз.

$$Ca^I = 0,2 \cdot 5214584 \cdot 0,05 + 0,8 \cdot 58842900 \cdot 0,028 = 1765287 \text{ тг/жыл.}$$

Ағымды жөндеу шығындарының есебі

$$Стр = K^{38} \cdot Нпр^{38} + K^{ГС} \cdot Нгр^{ГС}, \text{ тг/жыл,} \quad (3.3)$$

$$Cстр^{II} = 0,2 \cdot 5814594 \cdot 0,032 + 0,8 \cdot 53145394 \cdot 0,005 = 604712,00 \text{ тг/жыл,}$$

$$Стр^{III} = 0,2 \cdot 58842900 \cdot 0,032 + 0,2 \cdot 58842900 \cdot 0,005 = 611966,16 \text{ тг/жыл.}$$

Қызмет көрсетушілер еңбек ақысына кеткен шығындар

$$C_{e.a} = Kp \cdot Rp \cdot Z_{орт.жыл} \text{ тг/жыл,} \quad (3.4)$$

мұндағы K_e – Шымкент қаласы үшін еңбек ақының есептік коэффициенті 1,0;

$R_{ж}$ – газбен жабдықтау жүйесі қызметкерлерінің жұмысшылар саны теңдеу бойынша анықталады.

$Z_{орт. жыл}$ – 1 адамның орташа жылдық еңбек ақысы

$$Z_{орт. жыл} = \frac{\sum p_i \cdot L}{\sum p_{грп}} + \frac{\sum Z_{грп}}{\sum p_{грп}}, \text{ адам,} \quad (3.5)$$

мұндағы p_i – орта .жоғары қысымды жер асты көшелері үшін 10 км газ құбырларындағы жұмысшылар санының мөлшері 1,19;

L – газ құбырларының созылуы, км;

$\Pi_{грп}$ – 1 ГРП-дағы жұмысшылар саны-0,23;

$Z_{грп}$ – ГРП саны дана.

$$R^I_{п} = \frac{1,19 \cdot 14,8}{10} + 0,23 \cdot 6 = 3,14 \text{ дана,}$$

$$R^{II}_{п} = \frac{1,19 \cdot 12,61}{10} + 0,23 \cdot 7 = 3,11 \text{ дана.}$$

$Z_{орт. жыл}$ – 1 адамның орташа жылдық еңбек ақысын айына 5800 теңге деп қабылдаймыз

$$Z_{орт.жыл} = 5800 \cdot 12 = 69600 \text{ теңге/жыл,}$$

$$C_{\text{е.а}}^I = 3,1412 \cdot 1 \cdot 69600 = 218627,52 \text{ теңге/жыл},$$

$$C_{\text{е.а}}^{II} = 1 \cdot 3,11 \cdot 69600 = 276436 \text{ теңге/жыл}.$$

Әлеуметтік сақтандыру, материалдар мен қор шығындарына кететін шығындар

$$C_{\text{әлеу.}} = 0,3 \cdot C_{\text{е.а}} \text{ теңге/жыл}, \quad (3.6)$$

$$C_{\text{әлеу.}}^I = 0,3 \cdot 218627,52 = 665588,256 \text{ теңге/жыл},$$

$$C_{\text{әлеу.}}^{II} = 0,3 \cdot 210456 = 64936,8 \text{ теңге/жыл}.$$

$$C_M = 0,104 \cdot (C_o + C_{\text{зп}}), \text{ теңге/жыл}, \quad (3.7)$$

$$C_M^I = 0,104 (1744361,7 + 213627,32) = 204150,87 \text{ теңге/жыл},$$

$$C_M^{II} = 0,104 (1765287 + 216456) = 206101,27 \text{ теңге/жыл}.$$

Басқа да шығындар

$$C_{\text{б.ш}} = 0,05 (C_o + C_{\text{а.ж}} + C_{\text{п}} + C_{\text{әлеу.}} + C_M), \text{ теңге/жыл}, \quad (3.8)$$

$$C_{\text{б.ш}}^I = 0,05 (1744361,7 + 604712,06 + 218627,52 + 65588,256 +$$

$$+ 204150,87) = 141872,01 \text{ теңге/жыл},$$

$$C_{\text{б.ш}}^{II} = 0,05 (1765287 + 611966,16 + 216456 + 64936,8 + 206101,27) =$$

$$= 143237,55 \text{ теңге/жыл}.$$

Пайдаланудан бөлек шығындар

$$C_{\text{п.б.ш}} = 0,015 (C_{\text{а}} + C_{\text{а.ж}} + C_{\text{е.а}} + C_M + C_{\text{б.ш}}), \text{ теңге/жыл}, \quad (3.9)$$

$$C_{\text{п.б.ш}}^I = 0,015 (1144361,7 + 004712,06 + 218627,52 + 65588,256 +$$

